

«АТСП» ҰК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2019 жылғы
«20» желтоқсандағы шешіміне
2 қосымша
хаттама №56 бекітілді

**«Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік
қоғамында құпия ақпараттандыру саясаты**

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамында Құпия ақпараттандыру саясаты (бұдан әрі - Саясат және Қоғам) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) заңнамасына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Саясат

1) тәуекелдер салалары мен бұзушылықтар түрлерін;
2) өтініш берушіге хабарламалар беру кезіндегі кепілдіктерді;
3) құпия ақпараттандыру арналарын;
4) хабарламалар беру және оларды қарау тәртібін;
5) құпия ақпараттандыру процесіне қатысушылардың өкілеттіктері мен жауапкершілігін белгілейді.

3. Осы Саясаттың мақсаты:

1) осы Саясатпен реттелетін нақты және болжамды бұзушылықтарға қатысты өз алаңдаушылығын жауапкершілікпен хабарлауға мүмкіндік беретін байланыс құралдарына жұмыскерлер мен қауымдастырылған тұлғаларға қолжетімділік беру арқылы Қоғам қызметінде ашықтық мәдениетін арттыру, Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту үшін негіздер құру;

2) бизнесті жүргізу қағидаттарын және Қоғамның мінез-құлық кодексінде баяндалған, елеулі материалдық залал келтіруге, сондай-ақ осы бұзушылықтарды уақтылы анықтау және болғызбау жолымен Қоғамның беделі мен сенімін төмендетуге қабілетті мінез-құлық стандарттарын ықтимал бұзушылықтарға қатысты тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету. Құпия ақпараттандыру жүйесі Қоғамдағы сыбайлас жемқорлық пен алаяқтықпен күресудің маңызды құралдарының бірі болып табылады және ықтимал тәуекелдердің алдын алу құралы болып табылады;

3) қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері бойынша түзету шараларын қабылдауды қамтамасыз ету және парақорлық пен сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік қағидатын негізге ала отырып, ішкі бақылауды күшейту.

4. Алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін осы Саясат адалдық пен ашықтық, кәсібилік және Қоғамның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға ұмтылу көтермеленетін ашық диалог тетігі ретінде құпия ақпараттандырудың тиімді жүйесін енгізуді көздейді.

2. Қолдану саласы.

5. Осы Саясат құпия ақпараттандыру процесінің барлық қатысушыларымен танысу және қолдану үшін міндетті болып табылады, Қоғамның барлық қызметкерлеріне және қауымдастырылған тұлғаларға қолданылып, Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырылу керек.

6. Осы Саясат «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» ҚР Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау кезінде қолданылмайды, сондай-ақ Қоғам қызметкерлерінің жеке наразылығына байланысты мәселелерге бастамашылық жасау тәсілі болмайды.

3. Терминдер мен анықтамалар.

7. Бұл Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілер;

2) **қауымдастырылған тұлғалар** - Қоғамның Директорлар кеңесінің, Басқармасының мүшелері және Қоғам үшін қызмет көрсететін немесе оның атынан сөйлейтін өзге де тұлғалар;

3) **сыртқы оператор («қызу желі»)** - сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың, реттеушілік талаптардың ықтимал, жасалған немесе жасалатын бұзушылықтары туралы хабарламалар қабылдайтын, сондай-ақ осы Саясатта көзделген өзге де мәселелер бойынша құпия ақпараттандыру жөніндегі сыртқы тәуелсіз ұйым. «Қызу желі» тәулік бойы қол жетімді, мемлекеттік және орыс тілдерінде қолдауға ие және құпиялылықтың сақталуына кепілдік береді;

4) **лауазымды тұлға** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұратын және ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

5) **өтініш беруші** – хабарлама авторы;

6) **Іскери әдеп кодексі** - корпоративтік мәдениетті дамытуға және Қоғамның беделін нығайтуға бағытталған құндылықтарды, негізгі мінез-құлық қағидаттары мен стандарттарын белгілейтін Қоғамның ішкі құжаты;

7) **құпия ақпараттандыру** - Қоғам басшылығы тексеру, қызметтік тергеп-тексеру жүргізу үшін қажетті шаралар қабылдайтынына және осындай хабарларға тиісті түрде жатқызылатынына толық сенімді болған кезде қызметкер және/немесе қауымдасқан тұлға осы Саясатпен реттелетін жасалған немесе жасалатын бұзушылықтардың болуы туралы күдік білдіретін процесс;

8) **жауапты орган** - Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатында құрылған «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес;

9) **қызметкерлер** - Қоғаммен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалар;

10) **хабарлама** - осы Саясатта көзделген құпия ақпараттандыру арналары арқылы алынған тиісті бұзушылықтар туралы ақпарат;

11) **субъект** - өзіне қатысты хабарлама берілген Қоғамның қызметкері және / немесе лауазымды тұлғасы;

12) **уәкілетті тұлға** – «ҚТЖ» ҰК» АҚ комплаенс-қызметінің басшысы, ол болмаған жағдайда (іссапар, демалыс, еңбекке уақытша жарамсыздық) – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметінің міндетін атқарушы қызметкері.

8. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, Жарғыда және Қоғамның ішкі құжаттарында қолданылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Тәуекел салалары және бұзушылықтардың түрлері.

9. Осы Саясатта тәуекелдердің мынадай салалары мен бұзушылықтардың түрлері көзделген, олар бойынша қызметкерлер мен қауымдасқан тұлғалар Қоғамда жасалған немесе жасалатын бұзушылықтарға және субъектінің тиісінше емес мінез-құлқына қатысты өз алаңдаушылықтарын білдіре алады:

Парақорлық және сыбайлас жемқорлық Пара беру/алу; Заңсыз сыйақы; Алаяқтық; Сөз байласу; Мәжбүрлеу; Лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану	Бухгалтерлік есептің бұзылуы Бухгалтерлік есептегі қателер; Бухгалтерлік есепте бұрмалау; Қаржылық олқылықтар; Жазбалар мен құжаттарды манипуляциялау, бұрмалау; Активтерді рұқсатсыз сатып алу, есептен шығару және / немесе пайдалану
---	---

<p>Тең емес жалдау және еңбек жағдайлары ашық немесе жасырын кемсітушілік немесе қудалау; Еңбек жанжалдары; Тиісу; Әдепсіз мінез-құлық; Жақын туыстары мен жекжаттарын жұмысқа орналастыру</p>	<p>Денсаулыққа, қауіпсіздікке және қоршаған ортаға қауіп Қоршаған ортаға зиян; Мүлікке зиян; Қауіпті жұмыс жағдайлары; Жымқыру, ұрлау; Өмір мен денсаулыққа елеулі және белгілі бір қауіп төндіретін немқұрайлылық; Қозғалыс қауіпсіздігі</p>
<p>Ақпаратты тарату/жою Күпия және инсайдерлік ақпаратты рұқсатсыз ашу; Күжаттар мен ақпаратты рұқсатсыз және қасақана жою немесе кетіріп тастау</p>	

5. Өтініш берушіге кепілдіктер.

10. Қоғам мыналарға кепілдік береді:

1) Қоғам қызметкерінің жұмыс орнын сақтауды қоса, өтініш берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін толық қорғау. Өтініш беруші қудалауға және/немесе кемсітуге ұшырамайды. Сонымен қатар, осы Саясатқа сәйкес өтініш берушіге ұсынылған қорғау көрінеу жалған хабарлама бергені үшін ҚР заңнамасында көзделген тәртіптік немесе өзге де жауапкершілік шараларынан қорғау болып табылмайды;

2) өтініш беруші алаңдаушылық білдіру үшін сыртқы операторды таңдаған және аноним болып қалғысы келген жағдайда адамның жеке басын анықтау мүмкін емес;

3) белгіленген тәртіппен тәртіптік шаралар қабылдауға әкеп соғатын құбылыстар ретінде өтініш берушіні қудалау және/немесе кемсіту жағдайларын қарайды;

4) хабарламалардың толық құпиялылығы. Хабарламаларды, қызметтік тергеу нәтижелерін және қабылданған шараларды талқылауға тыйым салынады. Келіп түскен хабарламаларға, қызметтік тергеп-тексеру нәтижелеріне және қабылданған шараларға байланысты кез келген ақпаратты заңсыз ашуға кінәлі адамдарға заңды жауапкершілік шаралары қолданылатын болады;

5) хабарламада қамтылған мәліметтерді растайтын дәлелдемелерді жасыру әрекетінен бас тарту;

6) хабарламада көрсетілген мәліметтерді растайтын дәлелдемелерді жойған немесе жасырған адамдарға қатысты белгіленген тәртіппен тәртіптік шаралар қабылдау.

6. Құпия ақпараттандыру арналары.

11. Құпия ақпараттандыру жүйесі - бұл Қоғам өз қызметкерлерінен және қауымдасқан тұлғалардан олардың алаңдаушылығын тудыратын ақпарат алатын арналар мұндай арналар әдеп және сәйкестік саласындағы Қоғамның тұрақты жұмыс істеуі мен тәуекелдерін басқару функциясын орындайды.

12. Құпия ақпараттандыру жүйесі үш деңгейден тұрады, олардың әрқайсысы Қоғамның ашық диалог жүргізу шараларының ажырамас бөлігі болып табылады:

1) бірінші деңгейдегі ақпараттандыру (тікелей арна):

- Қоғам қызметкерлері өзінің тікелей басшысын жеке кездесу кезінде немесе жазбаша нысанда хабардар етеді;

- егер қызметкер үшін өзінің тікелей басшысын хабардар ету мүмкін болмаса немесе орынсыз болса (егер бұл мәселе тікелей басшыға қатысты болса), Қоғам қызметкерлері Қоғам басшылығын жазбаша түрде хабардар етеді;

2) екінші деңгейдегі ақпараттандыру (тікелей арна):

- өтініш беруші ҚР қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және/немесе Қоғамның ішкі рәсімдерін жасалған немесе жасалатын

бұзушылықтар мәселелері бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасына ауызша немесе жазбаша нысанда жүгіне алады;

- өтініш беруші «ҚТЖ» ҰК» АҚ омбудсменіне жалдау және еңбек жағдайлары тең емес мәселелер бойынша ауызша немесе жазбаша түрде жүгіне алады; _____

- егер мәселе қаржылық-шаруашылық қызмет пен бухгалтерлік есепте ықтимал бұзушылықтарды қозғаған жағдайда, өтініш беруші «ҚТЖ» ҰК» АҚ ішкі аудит қызметінің басшысына ауызша немесе жазбаша түрде жүгіне алады.

3) үшінші деңгейдегі ақпараттандыру (жанама арна):

- Қоғам қызметкерлердің әріптестері жасаған немесе жасалатын бұзушылықтар туралы хабарлауда қиындықтарға тап болуы мүмкін екенін мойындайды;

- Қоғам қызметкерлері мен қауымдасқан тұлғалар өздерінің хабарламалары тиісті түрде қаралатынына және тиісті ден қою шаралары қолданылатынына сенімді болуы үшін құпия ақпараттандыру жүйесіне сенімділікті арттыру маңызды екенін мойындайды.

Дәл осындай жағдайлар үшін Қоғамда жанама арна қарастырылған, ол арқылы сыртқы операторға құпия және анонимді негізде келесі тәсілдердің бірімен немесе бірнешеуімен жүгіну арқылы тәуелсіз үшінші тарапқа өз алаңдаушылығын білдіруге болады:

- тегін телефон желісі;
- электрондық пошта;
- интернет.

Қоғам сыртқы оператордың жұмысы туралы деректерді Қоғамның корпоративтік веб-сайтында орналастырады, сондай-ақ Қоғамның кеңселерінде плакаттар орналастыруды жүзеге асырады.

Келіп түскен барлық хабарламаларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасына құпия негізінде, ал егер өтініш беруші анонимді болып қалғысы келсе - аноним негізде береді. Алайда, анонимді хабарламада дұрыс әрекет ету қиын, өйткені қосымша ақпарат алу немесе өтініш беруші берген ақпаратты ашу қажет болуы мүмкін. Өтініш берушінің деректерінің болуы және онымен байланысу мүмкіндігі оның хабарламасын мұқият және тиімді қарастыруға мүмкіндік береді. Қоғам қызметкерлерді және қауымдасқан/үшінші тұлғаларды одан әрі қызметтік тергеуге көмек көрсету және өтініш берушіні тергеу нәтижелері туралы хабардар ету үшін өздерінің аттарын, байланыс ақпаратын хабарлауға шақырады.

7. Хабарламалар беру тәртібі және оларды қарау

13. Келіп түскен хабарламаларды тиімді өңдеу және қызметтік тергеулердің нәтижелілігін қамтамасыз ету үшін өтініш берушінің беру тәсіліне қарамастан (жеке, жазбаша немесе телефон арқылы) хабарламаның келесі форматы мен құрылымы ұсынылады:

- 1) хабарлама авторы;
- 2) өтініш берушімен кері байланыс үшін байланыстар (пошталық/электрондық мекен-жай, телефон) ;
- 3) мәселенің мәні (алаңдаушылықтың себебі) түсінікті түрде және белгілі нақты маңызды фактілер;
- 4) сөз болып отырған лауазымды адам немесе қызметкер және басқа да қажетті ақпарат;
- 5) алаңдаушылықты растайтын кез келген құжаттар.

14. Хабарламада ашылған ақпарат сенімді болуы керек және мұндай ашу адал және жаман ниетсіз. Өтініш берушіге ҚР қолданыстағы заңнамасын, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және/немесе ішкі рәсімдерді сақтамау жағдайларына дербес тергеу жүргізу талап етілмейді.

15. Жеке кездесу барысында ауызша тәртіпте алынған хабарламалар бойынша тікелей басшы ауызша хабарламаның мазмұны, қабылданған шаралар, көтерілген мәселелерді шешу жолдары туралы ұсыныстар туралы қысқаша құпия есеп жасайды, ол жауапты органға 3 (үш) жұмыс күні ішінде беріледі.

16. Жауапты орган осы Саясаттың 15-тармағында көрсетілген қысқаша құпия есеп алған соң тексеру/қызметтік тергеу жүргізу туралы шешім қабылдайды, оның нәтижелері «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасына ақылға қонымды мерзімде жіберіледі.

17. Құпия ақпараттандырудың жанама арнасы арқылы алынған хабарламаларды «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасы қызметтік тергеуді қарау және/немесе жүргізу үшін жауапты органға жібереді. Жауапты орган «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасы белгілеген мерзімдерде қарау және/немесе жүргізілген қызметтік тергеп-тексеру нәтижелерін ұсынады.

18. Қоғамның қызметімен байланысты емес хабарламалар, сондай-ақ егер:

1) хабарламада субъект туралы деректер болмаса (хабарламадағы ақпарат бойынша субъектіні сәйкестендіру мүмкін болмаған кезде);

2) хабарламада бұзушылықтың мәні ашылмаған немесе бұзушылық осы Саясатта көзделген тәуекелдер саласына кірмесе;

3) хабарлама бір мезгілде бірнеше инстанцияларға, соның ішінде Қоғамның құжат айналымын қамтамасыз ету қызметіне/ Қоғам басшылығына/ мемлекеттік органдарға жолданады. Мұндай хабарламалар заң шеңберінде қаралады;

4) қызметтік тергеп-тексеру жүргізу үшін ішкі сарапшылар болмаса, ал сыртқы сарапшыларды тарту мүмкін болмаса;

5) хабарламада қылмыстық жауаптылыққа не мемлекеттік немесе Қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қатерге әкеп соғуы мүмкін деректер туралы мәліметтер қамтылады. Өтініш берушіге уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабарлау керек. Өтініш берушіні уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгіну қажеттігі туралы хабардар ету мүмкіндігі болмаған кезде ақпарат олардың құзыретіне сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға одан әрі қарау және беру үшін жауапты органға беріледі.

8. Құпия ақпараттандыру процесіне қатысушылардың өкілеттіктері мен жауапкершілігі.

19. Құпия ақпараттандыру процесі шеңберіндегі жауапты органның өкілеттіктері мен жауапкершілігі мыналарды қамтиды (бірақ олармен шектелмейді):

1) ықтимал бұзушылықтар туралы хабарлама алу және хабарламаның мазмұнын растайтын (теріске шығаратын) деректерді міндетті түрде анықтай отырып, оны әділ, жан-жақты адал және шынайы қарау;

2) егер мүмкін болса, алаңдаушылық білдірген өтініш берушіге ұсынымдар беру не алаңдаушылықты жеке шешу мүмкіндігін уақтылы қарау. Мәселені шешу мүмкін болмаған кезде оны уәкілетті тұлғаға қарау үшін жіберу;

3) «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасын қызметтік тергеп-тексеру нәтижелері және қабылданған шаралар туралы белгіленген мерзімдерде хабардар ету;

4) өтініш берушіні тергеп-тексеру нәтижелері және қабылданған шаралар туралы уақтылы хабардар ету;

5) осы Саясатқа қосымшаға сәйкес нысан бойынша ай сайынғы негізде «ҚТЖ» ҰК» АҚ уәкілетті тұлғасына есеп жолдау.

20. Құпия ақпараттандыру процесі шеңберінде құрылымдық бөлімшелер жетекшілерінің және Қоғам басшылығының өкілеттіктері мен жауапкершілігі (бірақ аталғандармен шектелмейді):

1) ықтимал бұзушылықтар туралы хабарламалар алу және оларды жауапты органды міндетті түрде хабардар ете отырып, уақтылы жан-жақты қарау;

2) егер мүмкін болса, алаңдаушылық білдірген өтініш берушіге ұсынымдар беру не алаңдаушылықты жеке шешу мүмкіндігін уақтылы қарау. Мәселені шешу мүмкін болмаған жағдайда оны жауапты органға қарау үшін жіберу;

3) өз қызметкерлерінің осы саясат және белгіленген рәсім бойынша хабардар болуын қамтамасыз ету;

4) өз алаңдаушылығын оңай білдіре алатын жұмысшылар арасында ашық диалог жүргізуді ынталандыру.

21. Құпия ақпараттандыру процесінің бөлігі ретінде өтініш берушінің өкілеттіктері мен жауапкершілігі мыналарды қамтиды (бірақ тізімделгендермен шектелмейді):

- 1) қатыгез ниетсіз және жеке пайда алмай, алаңдаушылықты адал, шынайы білдіру;
- 2) көрінеу жалған хабарлама бергені үшін жауапкершілік. Егер өтініш берушіге қатысты жауап шаралары қабылданған жағдайда немесе егер өтініш берушіге өзінің алаңдаушылығы туралы жауапкершілікпен хабарлаған адамға қарсы қабылданған жауап шаралары туралы белгілі болса, өтініш берушіге көрсетілген ақпараттандыру арналары арқылы дереу хабарлау қажет.

**«Әскерилендірілген теміржол
күзеті» акционерлік қоғамындағы
құпия ақпараттандыру саясатына
қосымша**

Есеп нысаны

Келіп түскен хабарламалар саны (келіп түскен барлық хабарламалар)	Тергеу жүргізілген тиісті хабарламалар саны (тергеуге қабылданған, олар бойынша қандай да бір нақты деректер немесе алдын ала ақпарат бар)	Хабарламаның расталғаны немесе расталмағаны туралы ақпарат (ішінара расталған жағдайда (егер хабарламаның бір бөлігі расталған болса), не расталғанын көрсету керек)	Хабарлама субъектісіне қатысты қандай шаралар қабылданғаны туралы ақпарат (жұмыстан босатылды, тәртіптік шаралар, ақпарат құқық қорғау органдарына жіберілді және т.б.)	Бұзушылық жасалған қызмет саласы (сатып алу, еңбек жанжалдары, мүдделер қақтығысы, сыбайлас жемқорлық, алаяқтық және т. б.)